


Елеуов М.

ЕСКЕРТКІШТЕР ЖИНАҒЫ



ӘОЖ 902/904
ББК 63.4
Е 81

*Бастаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті
тарих, археология және этнология факультетінің
Ғылыми кеңесі ұсынаған*

Пікір жазғандар:

тарих ғылымдарының докторы **З.Салишев**

тарих ғылымдарының кандидаты, доцент **Ғ.Қ.Омаров**

Елеуов М.

Е 81 Ескерткіштер жинағы / М. Елеуов – Алматы: Қазақ университеті, 2016. – 150 б.

ISBN 978-601-04-1895-0

Жинаққа М. Елеуовтің 1980-2015 жылдарда Жамбыл, Оңтүстік Қазақстан, Қызылорда облыстарынан ашып, есепке алған ескерткіштері енген.

Жинақ археологтарға, өлкетанушыларға арналған.

ӘОЖ 902/904
ББК 63.4

ISBN 978-601-04-1895-0

© Елеуов М., 2016
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2016

АЛҒЫ СӨЗ

1980-1999 жылдарда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің (бұрынғы ҚазМУ) археологиялық экспедициясының (УАЭ, жетекшісі У.Х. Шәлекенов) тобы (М. Елеуов) Шу мен Талас өңірлерінде барлау жұмыстарын жүргізу барысында бұрын ашылған ортағасырлық қалалардың, елді мекендердің топографиялық құрылымын зерттеп, осы тарихи – географиялық аудандардан бұрын есепке алынбаған 60-тан аса ортағасырлық қала мен елді мекендерді ашып, ғылыми айналымға енгізді. Жүргізілген барлау кезінде Қаратаудың теріскей, күнгей беткейлерінде, Сырдария өзенінің орта ағысында осы уақытқа дейін есепке алынбаған, ғылымға белгісіз болып келген әртүрлі тарихи кезеңдерден сақталған жүздеген археологиялық ескерткіштер бар екендігі белгілі болды. Өкініштісі сол олардың қатарында бұзылып кеткен, бұзылып жатқан ескерткіштер көп екен. УАЭ тобы бастаған Қаратаудың археологиялық ескерткіштерін есепке алуды 2002 жылы А. Ясауи атындағы халықаралық Қазақ-түрік университетінен ашылған Археология ғылыми-зерттеу орталығының Тұран археологиялық экспедициясы (ТАЭ М. Елеуов) жүйелі түрде, кең көлемде жалғастырды. 2002-2008 жылдарда экспедиция Жамбыл облысының Жуалы, Талас, Сарысу, Оңтүстік Қазақстан облысының Созақ, Түлкібас, Бөйдібек, Арыс, Түркістан, Қызылорда облысының Жаңақорған, Шиелі аудандарында барлау жұмыстарын жүргізіп Қаратаудың теріскей, күнгей беткейлерінде, тау алды жазықтарында, Сырдария өзенінің орта ағысында (өзеннің сол жағасында Үшқайың – Бөйкенже өткелдері, оң жағасында Үшқайың өткелі Көкжиде каналы аралығында) зерттеді.

2008 жылғы қыркүйек – 2015 жылдарда әл-Фараби атындағы ҚазҰУ археология, этнология және музология кафедрасының профессоры М. Елеуов басқарған Тұран археологиялық экспедициясы Шу, Талас өңірлерінің, Қаратаудың, Сырдария өзенінің орта ағысындағы археологиялық ескерткіштерді есепке алуы одан әрі жалғастырылды.

1980-2015 жылдар аралығында Шу, Талас өңірлерінде, Қаратауда және Сырдария өзенінің орта ағысында жүргізілген барлау жұмыстарының барысында жалпы саны 1683 ескерткіш ашылып, ғылыми айналымға енгізілді. Ашылған ескерткіштердің түрі, олардың аудандар бойынша қалай орналасқаны және саны кестеле көрсетілген.